

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

Хаттама №1

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

Қатысушылар: «Балдырған» бөбекжай-балабақшасының педагогтер ұжымы

Саны: 11

Өтілген уақыты: 01 қыркүйек 2022 жыл

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық этика және кеңесті құру туралы ережесін түсіндіру.

Кеңес төрайымы : Т.К.Бимырзаева

2. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.

Кеңес мүшесі: О.Татимова

3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.

Кеңес мүшесі: Ж.Бижанова

Тыңдалды:

Кеңес төрайымы Бимырзаева Тансык Кабаковна:

Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 12 мамырда №20619 болып тіркелді.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына осы Қағидаларға, өзгеде нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Тәртіптік істерді қарау қорытындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну, тәртіптік істі тоқтату.

2. Кеңес мүшесі Татимова Орынкүл Бахтиярқызы:

Педагог жұмыс уақытында өзінің педагогикалық әдебін сақтап, сыртқы келбетіне назар аудару керек. Әр балаға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттерді сіңіретін бірден бір жан болса, ол педагог. Сондықтан балаларды білім нәрімен сусындатып қана қоймай, қолынан келгенінің бәрін үйретіп, бағыт-бағдар беріп, сыртқы келбетімен, киім үлгісімен, өзін-өзі ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі балалар педагогтің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Педагог ол инабаттылықты бойына сіңірген, ізденісте жүретін,

шығармашыл, өз ісінің жетік маманы болғандықтан, педагогикалық әдепті сақтау өте педагогке тән нәрсе.

Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті педагог балаларды білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді.

3. Кеңес мүшесі Бижанова Жадыра Бейбітқызы:

Ата-аналармен және баламен, яғни үштік одақпен байланыс құруда педагог педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндетті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді.

Педагогикалық этика-ұжым ішінде, педагогтер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын топтарда табуы тиіс. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы педагог этикасы мектепке дейінгі ұйымдарды, мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

Шешім етті:

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі бұзбау, назарда ұсталынсын.
2. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі әдептері назарға алынсын.
3. Педагогтермен педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау туралы жұмыстар жалғастырылсын.

Кеңес төрайымы:

Кеңес хатшысы:



Т.Бимырзаева

Г.Абдуллаева

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

Хаттамасы №2

12 желтоқсан 2022 жыл

Қатысқандар: Педагогтер

Күн тәртібінде

1. Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау. Кеңес төрайымы Т.Бимырзаева
2. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. Кеңес мүшесі Ж.Бижанова
3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. Кеңес мүшесі Р.Әділбекова

Тыңдалды

1. Кеңес төрайымы Т.Бимырзаева:

Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша құрылған кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагогтің мәртебесі туралы» заңдарына, осы Ережеге, басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділеттілік, этика, қоғамдық пікір мен ашықтықты ескеруі тиіс. Жеке және заңды тұлғалар педагогтердің педагогикалық этиканы сақтауына қатысты білім беру ұйымының Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне жүгіне алады. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мәселесін қарастыру кезінде педагогтің құқықтары қарастырылып отырған мәселе туралы жазбаша ақпарат алу; қарастырылып отырған мәселе бойынша барлық материалдармен танысу; өз құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен жеке өзі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өкіл арқылы қорғау; жазбаша шешім алу; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылданған шешімге шағымдану құқықтарына ие.

2. Кеңес мүшесі Ж.Бижанова:

Педагогтердің педагогикалық әдеп пен мәдениеттілікті өз бойларындағы бала бойына жол табатын ізгілік қасиеттерін әрдайым есте сақтауы қажет. Қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде педагог деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да педагог екенін ұмытпауы тиіс. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз пікірінді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы баланың, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп,

білім алушының жетістігін бағалауда әдептілік таныту қажет.

3.Кенес мүшесі Р.Әділбекова:

Педагог балаларына ықыласты қарап, оларды қадірлеп, кеңпейілді, сақ, әдепті болғанымен олармен қоян-қолтық араласа алмайтын жағдай болады. Оның ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде тәртіпсіздік үстемдік етеді, балалар тапсырмаларды орындамайды, айтқан ақылды тыңдамайды. Мұндай педагогті әдептілігі жоқ деп кінәлауға болмайды. Онда әдеп бар. Бірақ оның әдіс-тәсілі жетілмеген, амал тәсілдері қоры аз, ұйымдастыру мен жүйелілік әлі де жоқ. Бір ауыз сөзбен айтқанда тәжірибесі аз. Педагогикалық шеберлік тұрғысынан алғанда педагогтің мінез ерекшелігі ретіндегі әдептілігінің оның әрбір нақты жағдайда тиімді амал-тәсіл таңдай білуінің үйлесімділігі мейлінше дұрыс болып табылады.

Шешім етті:

1. Педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
2. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау назарға алынсын.
3. Педагогикалық әдепті сақтауда педагогтің құқықтық сауаттылығын арттыру үшін жұмыстар жүргізілсін.

Кенес төрайымы:

Хатшы:



Т.Бимырзаева
Г.Абдуллаева

Т.Бимырзаева

Г.Абдуллаева

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 3 хаттамасы

26 мамыр 2023жыл

Қатыскандар: Педагогтер ұжымы

Күн тәртібінде

1. Педагог бейнесі. Кеңес төрайымы Т.Бимырзаева
2. Өзінді өзің тәрбиелеу жолдары . Кеңес мүшесі О.Татимова
3. Педагогтердің әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары. Кеңес мүшесі Ж.Бижанова

Тыңдалды

1. Кеңес төрайымы Т.Бимырзаева:

Педагог тек мұғалім, тренер, тәрбиеші ғана емес, сонымен қатар халық ағартушысы, мәдени құндылықтардың сақтаушысы, лайықты білімді адам. Педагог қоғамдастықтың барлық салаларында өзара әрекеттесудің дұрыс қалыптасуына үлес қосуға тырысады. Педагог жеке өмірде ғана емес, қоғамдық өмірде де жанжалдан, керісуден, аулақ болады. Ол проблемаларды, келіспеушіліктерді болжауға және шешуге бәрінен гөрі дайын, және ол оларды шешудің жолдарын табады. Педагог өзінің азаматтық борышын, әлеуметтік рөлін жақсы түсінеді және орындайды, ерекшеленуден аулақ болады, сонымен бірге ол кез-келген таныс емес ортаға түсіп, онымен қосыла кетуден аулақ болу тиіс.

2. Кеңес мүшесі О.Татимова:

Бүгінгі жаһандану заманында жас ұрпаққа әлемдік стандартқа сәйкес білім беру мәселесі республикамызда ғылыми педагогикалық тұрғыда ізденіспен әлемдік жинақталған тәжірибеге отандық қол жеткен табыстарды саралай отырып, ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып тәрбиелеуді жаңаша ұйымдастырумен көкейкесті мәселе болып отыр. Біздің ең басты мақсатымыз сапалы білім, саналы тәрбие беру. Педагог өзіне жүктелген осы абыройлы міндетті жүзеге асыру жолында қолданатын қарым-қатынас, амал-тәсіл, әдістер құрамынан этика елеулі орын алады.

3. Кеңес мүшесі Ж.Бижанова

Педагогикалық әдепке әрбір нақты жағдайда балаларға әсер етудің тиімді құралы педагогикалық тактика деп аталады. Барлық жағдайда, барлық педагогтар қолдана алатын нұсқаулар:

- Адамдық қадір-қасиетті құрметтеу;

- Ықпал жасау шамасы.
- Шешімге келу.
- Көңіл қалдырмау.
- Оқушымен жеке әңгімелесу кезіндегі мінез-құлық
- Оралымды жолдар.
- Көңіл-күйі
- Әзіл. Тапқыр сөз.

Педагогтық тактика- бұл сөз тіркесін сан құбылтып айтатын алуан түрлі дауыс ырғағы, күлімсіреу, әсерлі көзқарас, ым қимылдардың жинақталған шоғыры, тұрақты сөз нұсқаларының, мәтелдердің айтарлықтай қоры, сондай-ақ, бірқатар артистік қимыл қозғалыстар және шешендік тәсілдердің қоры болуы тиіс.

Шешім етті:

1. Педагогтер ақпараттық түсіндірмелер бойынша жұмыстарын жалғастырсын.
2. Педагогте үнемі өзін-өзі дамытып, жетілдіріп отыру дағдылары жандандырылсын..
3. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары қатаң сақталсын.

Кенес төрайымы:



T. Bimyrzaeva

Т.Бимырзаева

Хатшы:

G. Erkinbekova

Г.Еркінбекова